

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 18 наурыздағы № 271-VIII ҚРЗ

2025 жылғы 28 ақпанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі

ынтымақтастықты нығайту есебінен заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі шаралардың тиімділігін АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА;

ұйымдасқан қылмыс арқылы көшіп-қонушыларды заңсыз әкелудің айтарлықтай артуын ҰҒЫНА ОТЫРЫП;

осы Келісім мен өзаралық қағидат негізінде Қазақстан Республикасы немесе Аустрия Республикасы мемлекеттерінің аумағына келу немесе онда болу үшін қолданыстағы шарттарға сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалған адамдарды анықтау және қауіпсіз әрі тәртіппен қайтару үшін жылдам және тиімді рәсімдер жасауға, сондай-ақ ынтымақтастық рухында адамдарды транзиттеуге жәрдемдесуге ҰМТЫЛА ОТЫРЫП;

Бір тараптан, Қазақстан Республикасы мен екінші тараптан, Еуропалық Одақтың және оған мүше мемлекеттердің арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің 238-бабына СІЛТЕМЕ ЖАСАЙ ОТЫРЫП,

Тараптар өздерінің аумағына заңсыз келген үшінші мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды өздері азаматы болып табылатын немесе соңғы тұрған мемлекеттеріне қайтару үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс екенін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажеттігін мойындай отырып және халықаралық құқықтан, атап айтқанда, 1951 жылғы 28 шілдедегі Босқындар мәртебесі туралы конвенциядан, 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакіден және ұстап беру мәселелері бойынша халықаралық шарттардан, 2000 жылғы 15 қарашадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық

ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясынан және оған Қосымша хаттамалардан, атап айтқанда, Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама мен Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттамадан, сондай-ақ 1944 жылғы 7 желтоқсандағы Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенциядан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне осы Келісім нұқсан келтірмейтінін АТАП КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

### **Анықтамалар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1. Азамат - Тараптар мемлекеттерінің бірінің азаматтығы бар адам.
2. Үшінші мемлекеттің азаматы - Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одаққа мүше елдің азаматтығынан өзгеше азаматтығы бар адам.
3. Азаматтығы жоқ адам - Қазақстан Республикасының және Аустрия Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері жоқ адам.
4. Заңсыз болған адам - бір Тарап мемлекетінің аумағына келу, болу немесе онда тұру үшін қолданыстағы шарттарға сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалған адам.
5. Сұрау салатын Тарап - осы Келісім негізінде реадмиссиялауға немесе транзиттеу туралы сұрау салуды беретін Тарап.
6. Сұрау салынатын Тарап - осы Келісім негізінде реадмиссиялауға немесе транзиттеу туралы сұрау салу жіберілетін Тарап.
7. Транзиттеу немесе транзиттік операция - бұл үшінші мемлекеттің азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағы арқылы Сұрау салатын Тарап мемлекеті аумағынан межелі мемлекетке жүретін жолда тасымалдау.
8. Тұрақты тұруға арналған рұқсат адамға Тараптар мемлекеттерінің аумағында тұрақты тұруға құқық беретін рұқсат.
9. Виза - әуежайда берілетін транзиттік визаны қоспағанда, Тарап мемлекетінің Құзыретті органы берген, оның мемлекетінің аумағы арқылы келуге немесе транзиттеуге құқық беретін рұқсат.
10. Рeadмиссиялау - Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағына заңсыз келген, онда болатын немесе тұратын Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің азаматтарын,

үшінші мемлекеттердің азаматтарын немесе азаматтығы жоқ адамдарды осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Сұрау салатын Тараптың құзыретті органының қайтаруы және Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің құзыретті органының қабылдауы.

11. Құзыретті орган - осы Келісімге 1-қосымшаның 1-бабына сәйкес осы Келісімді орындау тапсырылған Тараптың мемлекеттік органы.

## **2-бап**

### **Өз азаматтарын реадмиссиялау**

1. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тараптың сұрау салуы бойынша осы Келісімде көзделгендерден басқа өзге де формальдылықтарсыз, егер бұл адам Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің азаматы болып табылатыны осы Келісімге 3-қосымшада санамаланған кез келген құжатпен немесе осы Келісімге 4-қосымшада санамаланған, ұсынылған *prima facie* дәлелдемелері негізінде негіздемелі түрде қабылдануының мүмкін екені дәлелденсе, Сұрау салатын Тараптың аумағына келу, онда болу немесе тұру үшін қолданыстағы шарттарға сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалған барлық адамды қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарды реадмиссиялаумен бір мезгілде Сұрау салатын Тарап мыналарды:

а) Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағында өз бетінше тұруға құқығы болатын жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың туған жеріне немесе азаматтығына қарамастан, кәмелетке толмаған, 18 жасқа дейінгі некеде тұрмаған балаларды;

б) Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағында өз бетінше тұруға құқығы болатын жағдайларды қоспағанда, Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағына келуге және онда болуға құқығы бар немесе осындай құқық алған жағдайда басқа азаматтығы бар, осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың жұбайларын (зайыбын) реадмиссиялауды жүзеге асырады.

## **3-бап**

### **Үшінші мемлекеттер азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды реадмиссиялау**

1. Тараптар үшінші мемлекеттің азаматы әдетте оның азаматтығы бар мемлекетке реадмиссиялауға жатады деген қағидатқа сүйенеді.

2. Бұдан басқа, Тараптар азаматтығы жоқ адам соңғы уақытта тұрақты тұрған немесе оған жол жүру құжатын берген мемлекетке қайтарылуға жатады деген қағидатқа сүйенеді.

3. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тараптың сұрау салуы бойынша осы Келісімде көзделгендерден басқа өзге де формальдылықтарсыз өз мемлекетінің

аумағында Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағына келу, болу немесе онда тұру шарттарын орындамайтын немесе орындауды тоқтатқан үшінші мемлекеттің барлық адамдарының немесе азаматтығы жоқ адамдардың:

а) реадмиссиялау туралы Сұрау салу берілген кезде Сұрау салынатын Тараптың жарамды визасының немесе тұруға жарамды рұқсатының болғаны; немесе

б) Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің оның аумағына келгеннен немесе аумағы арқылы транзиттен кейін Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағына заңсыз және тікелей келгені дәлелденсе немесе ұсынылған *prima facie* дәлелдемелері негізінде негізді түрде қабылдануы мүмкін болған жағдайда, оларды қабылдайды.

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес реадмиссиялау жөніндегі міндеттеме осы Келісімнің 5-қосымшасында санамаланған құжаттардың кез келгенімен расталуға немесе осы Келісімнің 6-қосымшасында санамаланған құжаттардың кез келгенінің негізінде ұсынылған *prima facie* дәлелдемесі негізінде негіздемелі түрде қабылдануға тиіс.

5. Осы баптың 2-тармағына сәйкес, егер:

а) үшінші мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ азамат тек Сұрау салынған Тараптың халықаралық әуежайы арқылы транзитпен өтсе; немесе

б) мынадай:

- адамның қолданылу мерзімі неғұрлым ұзақ болатын, Сұрау салынатын Тараптың визасы немесе уақытша тұруға рұқсаты болған; немесе

- виза немесе уақытша тұруға рұқсат жалған немесе қолдан жасалған құжаттар арқылы немесе жалған айғақтар арқылы алынған және аталған адам Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағында болған немесе оның аумағы арқылы өткен; немесе

- адам визаға байланысты шарттарды орындамаған немесе одан әрі орындамайтын және Сұрау салынатын Тараптың аумағында тұрған немесе оның аумағы арқылы өткен жағдайларды қоспағанда, Сұрау салатын Тарап үшінші мемлекеттің азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға өз мемлекетінің аумағына келгенге дейін немесе келгеннен кейін уақытша тұруға виза немесе рұқсат берсе, реадмиссиялау жөніндегі міндеттеме жойылады.

6. Осы бап Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағына келген, онда жүрген немесе онда тұрған кезде Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің азаматтығынан айырылған немесе одан бас тартқан және Сұрау салатын Тарап мемлекетінің немесе үшінші елдің азаматтығын алмаған адамдарға да қолданылады.

#### **4-бап**

##### **Рeadмиссиялау туралы сұрау салу**

Рeadмиссиялау туралы сұрау салуды осы Келісімнің 2 немесе 3-баптарының негізінде Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органына жазбаша түрде беру қажет.

Егер тиісті адамның жарамды жол жүру құжаты, ал үшінші елдердің азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін Сұрау салынатын Тараптың жарамды визасы немесе уақытша тұруға рұқсаты болса, реадмиссиялау туралы Сұрау салу талап етілмейді.

1. Рeadмиссиялау туралы әрбір Сұрау салуда мынадай ақпарат мүмкіндігінше қамтылуға тиіс:

а) реадмиссиялауға жататын адам туралы деректер (аты, тегі, туған күні, жынысы, және егер мүмкін болса, оның туған жері және соңғы тұрғылықты жері), егер қолданылса, оның кәмелетке толмаған, некеде тұрмаған балалары және (немесе) жұбайы (зайыбы) туралы егжей-тегжейлі ақпарат;

б) реадмиссиялауға жататын адамның фотосуреті мен саусақ іздері сияқты биометриялық деректер;

в) Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ықтимал азаматтары болған жағдайда тиісінше осы Келісімге 3 және 4-қосымшаларда көрсетілгендей, азаматтығының дәлелдемелері немесе *prima facie* дәлелдемелері солардың көмегімен берілетін құралдарды көрсету;

г) үшінші елдердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар болған жағдайда тиісінше осы Келісімге 5 және 6-қосымшаларда көзделген үшінші елдердің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды реадмиссиялау шарттарының дәлелдемелері немесе *prima facie* дәлелдемелері солардың көмегімен берілетін құралдарды көрсету.

д) егер бұл қолданылса, реадмиссиялауға жататын адам келгеннен кейін Сұрау салынатын Тарап қамтамасыз етуі қажет болатын, осындай адамның кез келген ерекше қажеттіліктерін көрсету;

е) егер бұл қолданылса, реадмиссиялау кезінде жекелеген жағдайларда қажет болуы мүмкін адамды қорғау, қауіпсіздік шаралары немесе денсаулығына қатысты ақпарат бойынша өзге де нұсқаулар.

2. Сұрау салатын Тарап реадмиссиялау туралы Сұрау салуды Сұрау салынатын Тарапқа электрондық байланыс құралдарын қоса алғанда, байланыс құралдарының көмегімен жібереді.

## **5-бап**

### **Рeadмиссиялау рәсімі**

1. Егер реадмиссиялауға жататын адамның азаматтығы түпкілікті түрде анықталған болса, реадмиссиялау осы Келісімнің 2, 3 және 4-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Егер осы Келісімге 3-қосымшада санамаланған құжаттардың біреуі ұсынылса, азаматтық одан әрі тергеп-тексеру жүргізу қажеттілігінсіз анықталған деп есептеледі. Азаматтықтың дәлелдемесін қолдан жасалған құжаттар арқылы беруге болмайды.

3. Азаматтықтың дәлелдемелері, атап айтқанда, осы Келісімге 4-қосымшада санамаланған құжаттар арқылы ұсынылуы мүмкін. Егер мұндай құжаттар ұсынылса, Тараптар мұны өзгеше дәлелдемесе, олар азаматтықты анықтаған деп есептейді.

4. Егер осы Келісімге 3 немесе 4-қосымшада санамаланған құжаттардың ешқайсысын ұсыну мүмкін болмаса, реадмиссиялау туралы сұрау салуда тиісті адамның азаматтығын анықтау үшін Сұрау салынатын Тараптың дипломатиялық немесе консулдық өкілдігінде онымен әңгімелесу өткізу туралы өтініш болуға тиіс.

- Мұндай әңгімелесу мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ реадмиссиялау туралы Сұрау салу берілген күннен бастап күнтізбелік бес (5) күннен кешіктірілмей Сұрау салынатын Тараптың, дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің үй-жайында өткізілуіне тиіс.

- Тараптардың құзыретті органдарының келісуімен басқа қолайлы жерде немесе бейне және аудиотехнологияларды пайдалана отырып өткізілуіне тиіс.

- Қаралып отырған адамды сәйкестендіру үшін дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты реадмиссиялау туралы сұрау салу сөзсіз немесе нақты қабылданбаған жағдайда Тараптардың кез келгені сәйкестендіруге жәрдемдесу үшін қосымша әңгімелесу ұйымдастырады.

5. Сұрау салынатын Тарап әңгімелесу нәтижелері туралы Сұрау салатын Тарапқа дереу, бірақ әңгімелесу өткізілген күннен бастап үш (3) күннен кешіктірмей жазбаша нысанда хабарлауға тиіс.

6. Рeadмиссиялау туралы Сұрау салуға мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы реадмиссиялау туралы Сұрау салуды алған кезден бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жазбаша нысанда жауап беру қажет. Рeadмиссиялау туралы Сұрау салуларға жауаптар қорғалған электрондық байланыс құралдары пайдалана отырып жіберілуіне тиіс.

- Егер реадмиссиялау туралы Сұрау салуға уақтылы жауап беру үшін заңды немесе нақты кедергілер болса, мерзім Сұрау салынатын Тараптың өтініші бойынша, бірақ 1 (бір) айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

- Егер осы мерзімдер ішінде Сұрау салынатын Тарап жауап ұсынбаса, реадмиссиялау туралы Сұрау салу қабылданды деп есептеледі.

- Егер реадмиссиялау туралы сұрау салу қабылданбаса, ол жазбаша нысанда негізделуге тиіс.

7. Сұрау салынатын Тараптан реадмиссиялау туралы Сұрау салуға он жауап алынғаннан кейін Сұрау салынатын Тарап реадмиссиялауға жататын адамның тілегіне қарамастан, қолданылу мерзімі кемінде 6 (алты) ай болатын, аталған адамды қайтару үшін қажет жол жүру құжатын күнтізбелік үш (3) күннен аспайтын мерзім ішінде дереу және өтеусіз негізде береді.

- Егер заңды немесе нақты себептер бойынша тиісті адамды берілген жол жүру құжатының қолданылу мерзімі ішінде беру мүмкін болмаса, Сұрау салынатын Тарап

осы тармақта көзделген рәсімге сәйкес қолданылу мерзімі бұрын берілген жол жүру құжатымен бірдей болатын жаңа жол жүру құжатын береді.

- Егер Сұрау салынатын Тарап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде бастапқы немесе жаңа жол жүру құжатын бермесе, Сұрау салынатын Тарап реадмиссиялау үшін Сұрау салатын Тарап берген жол жүру құжатын қабылдаған деп есептеледі. Егер Сұрау салатын Тарап Аустрия Республикасы болса, бұл жол жүру құжаты шығарып жіберу мақсаты үшін Еуропалық Одақтың Стандартты жол жүру құжаты болып табылады.

8. Сұрау салатын Тараптың құзыретті органдары адамды реадмиссияламас бұрын Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдарын беру күні, шекаралық бақылау пункті, ықтимал бірге жүру және тасымалдау тәсілдері туралы (осы Келісімге 1-қосымшаның 3-бабына сәйкес) күнтізбелік екі (2) күннен кешіктірмей жазбаша нысанда (осы Келісімге 2-қосымша) хабардар етуге тиіс. Хабарлама деректеріндегі кез келген өзгерістер туралы кідіріссіз хабарлау қажет.

9. Осы баптың 1-тармағына нұқсан келтірместен, егер адам Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағынан тікелей келіп, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткеннен кейін ұсталса, Сұрау салатын Тарап реадмиссиялау туралы Сұрау салуды осы адам ұстап алынған кезден бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде бере алады.

## **6-бап**

### **Көлік құралдары және тасымалдау шарттары**

Тасымалдау әуе және жерүсті құралдары мен көлікті қоса алғанда, кез келген көлік құралымен және көлік түрімен жүзеге асырылуы мүмкін. Рeadмиссиялауға жататын адамды беру үшін әдетте әуе көлігінің түрі пайдаланылады. Осы мақсат үшін тұрақты рейстер де, чартерлік рейстер де пайдаланылуы мүмкін. Мұндай адамды тасымалдау кезінде таңдау ұлттық авиакомпанияларды пайдаланумен шектелмейді.

## **7-бап**

### **Қате реадмиссиялау**

Сұрау салатын Тарап, егер адамды бергеннен кейін 2 (екі) апта ішінде осы Келісімнің 2 және 3-баптарында қамтылған талаптардың сақталмағаны анықталса, Сұрау салынатын Тарап қабылдаған адамды кері қабылдайды. Мұндай жағдайларда осы Келісімнің 5-бабы тиісті түзетулермен қолданылады және осы адамға қатысы бар құжаттардың барлық түпнұсқасын қоса алғанда, оның жеке басы мен азаматтығы немесе осы адамның транзиттік маршруты туралы барлық қолда бар ақпарат беріледі.

## **8-бап**

### **Транзиттеу**

1. Сұрау салынатын Тарап, егер кез келген транзиттеу мемлекетіне сапарды жалғастыру және межелі мемлекеттің қабылдауы қамтамасыз етілсе, Сұрау салатын Тараптың Сұрау салуы бойынша үшінші мемлекеттердің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды транзиттеуге рұқсат береді.

2. Тараптар үшінші мемлекеттер азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды транзиттеуді мұндай адамдарды межелі мемлекетке тікелей қайтаруға болмайтын жағдайлармен шектеуге ұмтылады.

3. Сұрау салынатын Тарап, егер:

- Сұрау салынатын Тарап үшінші мемлекеттердің азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға межелі мемлекетте немесе басқа транзит мемлекетінде азаптау немесе адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекет немесе жазалау немесе өлім жазасы немесе оның нәсіліне, дініне, азаматтығына, белгілі бір әлеуметтік топқа жататынына немесе саяси нанымына байланысты қудалау қатері төнетінін анықтай алса; немесе

- егер Сұрау салынатын Тарап мемлекетінде, межелі мемлекетте немесе басқа транзит мемлекетінде үшінші мемлекеттің азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның қылмыстық қудалауға немесе жазалауға ұшырауы мүмкін болса;

- Сұрау салынатын Тарап қоғамының денсаулығы, ішкі қауіпсіздігі, қоғамдық тәртібі немесе басқа да ұлттық мүдделері тұрғысынан транзиттеуден бас тартуы мүмкін.

4. Сұрау салынатын Тараптың, егер осы баптың 3-тармағында аталған, транзиттеуге кедергі келтіретін мән-жайлар кейіннен туындаса немесе белгілі болса немесе ықтимал транзит мемлекеттеріне сапарды жалғастыру немесе межелі мемлекеттің қабылдауы одан әрі қамтамасыз етілмесе, транзиттеу туралы берген келісімін кері қайтарып алуына болады. Бұл жағдайда Сұрау салатын Тарап, егер қажет болса, үшінші мемлекеттің азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды кері қабылдайды.

## **9-бап**

### **Транзиттеу рәсімі**

1. Транзиттеу туралы Сұрау салу Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органына жоспарланған транзиттеуге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей жазбаша нысанда жіберілуге тиіс және онда мынадай:

- транзиттік маршрут, транзит мемлекеттері, егер бар болса, межелі мемлекет;
- қаралып жатқан адам туралы ақпарат (аты, тегі, туған күні және егер мүмкін болса, туған жері, азаматтығы, жол жүру құжатының типі мен нөмірі);
- шекаралық бақылаудың ықтимал пункті, транзиттелетін адамды беру уақыты және ықтимал бірге жүру туралы ақпарат;

- Сұрау салатын Тараптың көзқарасы бойынша осы Келісімнің 8-бабының 2-тармағына сәйкес шарттардың орындалып жатқаны туралы және осы Келісімнің 8-бабының 3-тармағына сәйкес бас тарту үшін белгілі негіздердің болмауы туралы өтініш қамтылуға тиіс.

2. Транзиттеу туралы Сұрау салу осы Келісімге 8-қосымшада қамтылған транзиттеу туралы сұрау салудың жалпы бланкісі негізінде жасалуға тиіс, ол электрондық құралдарды қоса алғанда, барлық қолжетімді қорғалған коммуникация құралдарымен жіберілуі мүмкін.

3. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды алғаннан кейін дереу, бірақ күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей шекаралық бақылау пункттерін және транзиттеудің жоспарланған уақытын растай отырып, Сұрау салатын Тарапқа транзиттеу туралы жазбаша нысанда хабарлайды немесе Сұрау салатын Тарапқа транзиттеуден бас тарту және мұндай бас тартудың себептері туралы хабарлайды. Егер Сұрау салынатын Тарап күнтізбелік бес (5) күн ішінде жауап ұсынбаса, келісім берілді деп есептеледі. Транзиттеу туралы Сұрау салуға жауап электрондық құралдарды қоса алғанда, кез келген байланыс құралымен жіберілуі мүмкін.

4. Рeadмиссиялауға жататын адам және ықтимал бірге жүретін адамдар әуежайдың транзиттік аймағы үшін транзиттік виза алу міндеттемесінен босатылады.

## **10-бап**

### **Рeadмиссиялауға немесе транзиттеуге көмек**

1. Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдары өзара келісім бойынша Сұрау салынатын Тараптың аумағындағы рeadмиссиялауға немесе транзиттеуге тиісті адамды байқау арқылы және осы мақсат үшін билік етуге тиісті қаражат/құралдар беру арқылы көмек көрсетеді.

2. Бірге жүретін адамдар өз міндеттерін қарусыз және азаматтық киіммен орындайды, сондай-ақ Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағында егеменді биліктің қандай да бір іс-қимылын жасамауға тиіс. Бірге жүретін адамдардың өкілеттігі өзін-өзі қорғаумен және төтенше көмек көрсетумен шектеледі.

## **11-бап**

### **Шығыстар**

1. Осы Келісімге сәйкес Сұрау салынатын Тарап мемлекеті аумағының Мемлекеттік шекарасына дейін рeadмиссиялауға байланысты барлық көлік шығыстарын Сұрау салатын Тарап жабады. Сұрау салатын Тарап осы Келісімнің 7-бабына сәйкес адамды қайтаруға байланысты, кері жол жүруіне арналған шығыстарды да көтереді.

2. Транзиттеуге арналған барлық шығысты Сұрау салатын Тарап жабады.

## 12-бап

### Дербес деректерді қорғау

1. Тараптар құзыретті органдардың бір Тарап мемлекетінің аумағына тиісті адамды реадмиссиялауы үшін қажет шамада және әрбір нақты жағдайда дербес деректермен өзара алмасуды жүзеге асыра алады. Тараптар арасында дербес деректерді өзара беру, сондай-ақ осы деректерді одан әрі өңдеу тиісті ұлттық заңнаманы, сондай-ақ деректерді беретін Тарап белгілеген шарттар сақтала отырып жүзеге асырылады және деректерді автоматтандырылған және автоматтандырылмаған өңдеуге тең дәрежеде қолданылатын мынадай қағидаттармен реттеледі:

а) дербес деректер заңды түрде, адал және реадмиссиялауға жататын адамды түсіну үшін қолжетімді түрде өңделуі керек. Дербес деректер осы Келісімнің белгілі бір, анық және заңды мақсаттары үшін ғана өңделуі мүмкін, Сұрау салынатын деректердің сипаты мен олар сұралатын мақсат арасында ақылға қонымды байланыс болуы керек, ал деректер оларды өңдеу мақсатына жету үшін қажетті көлемде шектелуге тиіс. Кез келген жағдайда мынадай дербес деректер ғана:

- реадмиссиялауға жататын адамның жеке деректері (тегі, аты, қажет болған кезде бұрынғы аты, лақап аты немесе бүркеншік аты, туған күні мен жері, жынысы, қазіргі және бұрынғы азаматтығы);

- осы Келісімге 3 - 6-қосымшаларға сәйкес жеке куәлікке, шетелдік паспортқа, жүргізуші куәлігіне (нөмірі, қолданылу мерзімі, берілген күні, берген орган, берілген орны) немесе басқа құжаттарға қатысты ақпарат;

- егер бұл осы Келісімге сәйкес қабылдау үшін шарттардың бар-жоғын тану үшін қажет болса, тұрғылықты жері мен жол жүру маршруттары;

- реадмиссиялауға жататын адамды жоғарыда аталған әдістердің ешқайсысы сәйкестендіре алмайтын жағдайларда, реадмиссиялауға жататын адамды сәйкестендіру үшін немесе осы Келісімге сәйкес реадмиссиялау шарттарын тексеру үшін қажетті өзге де ақпарат берілуі мүмкін.

б) беруші Тарап қандай да бір басқа мақсатпен деректерді өңдеуге тікелей өкілеттік берген жағдайларды қоспағанда, берілген дербес деректер олар берілген мақсатта ғана өңделуі мүмкін.

в) дербес деректер дәл және қажет болған жағдайда өзекті болуға тиіс; дербес деректерді өзгерту, жою немесе бұғаттау бойынша негізделген барлық шара қабылдануға тиіс. Дербес деректер тиісті адамды сәйкестендіру өңдеу мақсаттары талап еткенше ғана жүзеге асырылатындай сақталуға тиіс.

2. Дербес деректер тиісті техникалық және ұйымдастырушылық шаралар рұқсатсыз немесе заңсыз өңдеуден, сондай-ақ байқаусызда жоғалудан, байқаусызда жойылудан немесе байқаусызда зақымданудан қорғауды қоса алғанда, дербес деректердің тиісті қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей өңделуге және сақталуға тиіс.

3. Тараптар дербес деректердің әрбір берілуін немесе әрбір алынуын құжаттауға міндетті. Бұл құжаттама беру немесе алу мақсатын, мазмұнын және уақытын, сондай-ақ беруші және қабылдаушы органды қамтиды. Бұл деректерді жоюға да қатысты. Құжаттама мақсатсыз пайдаланудан және теріс пайдаланудың басқа да нысандарынан тиісті сақтық шараларымен қорғалуға және үш (3) жыл бойы сақталуға тиіс. Осы мерзім өткен соң ол дереу жойылуы керек. Құжаттама тек қана деректерді қорғау туралы тиісті заңнаманың сақталуын бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Кез келген мүдделі адамның жеке куәлігін көрсеткен кезде және сұрау салу бойынша жалпыға қолжетімді нысанда, ақталмайтын кідіріссіз және өтеусіз негізде өңдеуге жауапты құзыретті орган осы Келісімге сәйкес берілген немесе өңделген дербес деректер туралы, олардың шығу тегі, кез келген алушылар немесе алушылардың санаттары, болжалды пайдаланылуы және құқықтық негізі туралы хабардар болуына құқығы бар. Бұдан басқа әрбір мүдделі адамның нақты емес деректерді түзетуге және заңсыз өңделген деректерді жоюға құқығы бар.

Кез келген адамның өз Тарапының ұлттық заңнамасында өзіне кепілдік берілген құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге құқығы бар.

5. Осы Келісімге сәйкес берілген дербес деректерді басқа органдарға одан әрі беру беруші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады. Келісім беруші Тараптың ұлттық заңнамасында рұқсат етілген жағдайда және шамада ғана беріледі. Алынған дербес деректер құпия болып табылады.

6. Берілген дербес деректер беру мақсатына қызмет етуді тоқтатқаннан кейін немесе беру себебі болуын тоқтатқаннан кейін ғана жойылуы керек. Беруші Тарап дербес деректердің жойылғаны туралы хабардар етілуге тиіс.

7. Алушы Тарап берілген деректерді және алынған нәтижелерді өңдеу туралы сұрау салу бойынша беруші Тарапты хабардар етуге тиіс.

## **13-бап**

### **Келісімді орындау туралы хаттама**

1. Тараптар осы Келісімнің ережелерін орындау туралы хаттаманы (осы Келісімге 1-қосымша) жасасады, онда осы Келісімді іске асыру жөніндегі барлық қажетті практикалық ережелер, өзгелермен қатар:

- 1) Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарын анықтау;
- 2) шекаралық бақылау пункттерін анықтау;
- 3) ықтимал бірге жүру арқылы адамдарды реадмиссиялау не өткізу жүзеге асырылуға тиіс шарттар мен тәртіп қамтылады.

2. Осы Келісімді орындау туралы хаттама (осы Келісімге 1-қосымша) осы Келісіммен бірмезгілде жасалады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## **14-бап**

### **Тіл**

Тараптар мен олардың құзыретті органдары арасындағы, атап айтқанда Сұрау салулар мен өтініштерді, құжаттар мен жазбаларды ұсыну үшін хат алмасу ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

## **15-бап**

### **Дауларды реттеу**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру, орындау немесе қолдану бойынша даулар Тараптар арасында консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

## **16-бап**

### **Өзге де халықаралық міндеттемелермен арақатынас**

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін, халықаралық-құқықтық міндеттемелерін немесе ұлттықтан жоғары және халықаралық ұйымдарға мүшелігін қозғамайды.

## **17-бап**

### **Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Келісімге қосымшалардың барлығы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге және оған қосымшаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **18-бап**

### **Күшіне ену, қолданылу мерзімі және қолданылуының тоқтатылуы**

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың осы Келісімді күшіне енгізудің қажетті ішкі рәсімдерін орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен кейінгі екінші айдың бірінші күні күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің 2-бабын қоспағанда ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе халық денсаулығын және өзге де ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында дипломатиялық арналар арқылы жазбаша түрде хабардар ете отырып осы Келісімнің қолданылуын уақытша, толық немесе ішінара тоқтата тұра

алады. Бұл жағдайда осы Келісімнің қолданылуы осындай хабарлама жасалған күннен кейінгі екінші күннен бастап тоқтатыла тұрады. Тараптар өзара келісім бойынша бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы осы Келісім қолданылуының қайта басталғаны туралы хабардар етеді.

3. Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар ете отырып осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісімнің қолданылуы осындай хабарламаны екінші Тарап алғаннан кейін алты (6) ай өткен соң тоқтатылады.

2025 "28" ақпан Астана екі данада, әрқайсысы қазақ, неміс және ағылшын тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді пайдаланады.

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:*

*Аустрия Республикасының Үкіметі үшін:*

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық**

**Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

### **1-ҚОСЫМША**

#### **Келісімді орындау туралы хаттама (13-бап)**

##### **1-бап**

#### **Құзыретті органдар және коммуникация құралдары**

1. Осы Келісімді іске асыру, оның ішінде тікелей өзара іс-қимыл жасау үшін құзыретті органдар:

**Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

**Аустрия Республикасының Үкіметі үшін:**

Аустрия Республикасының Федералдық ішкі істер министрлігінің Иммиграция және пана беру жөніндегі федералдық ведомствосы.

2. Құзыретті органдар бір-біріне осы Келісім күшіне енген күннен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде өздерінің байланыс деректері туралы хабарлайды.

3. Тараптар бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы өздерінің құзыретті органдарының не олардың атауларының немесе функцияларының өзгергені туралы хабарлайды.

##### **2-бап**

## **Шекаралық бақылау пункттері**

1. Әуе көлігімен реадмиссиялау туралы келісімді іске асыру үшін мынадай шекаралық бақылау пункттері пайдаланылады:

### **Қазақстан Республикасы үшін:**

- Астана халықаралық әуежайы;
- Алматы халықаралық әуежайы.

### **Аустрия Республикасы үшін:**

- Вена халықаралық әуежайы.

2. Тараптардың құзыретті органдарының өзара келісімі бойынша адамдарды реадмиссиялау немесе транзиттеу халықаралық қатынасу үшін ашық басқа да келу пункттері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

## **3-бап**

### **Беру шарттары және көлік түрлері**

1. Осы Келісімнің 5-бабының 3-тармағына сәйкес Сұрау салатын Тарап Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдарын жазбаша нысанда хабардар етеді және мынадай:

- көлік түрі (әуе немесе жерүсті);
- беру күні;
- нақты тасымалдау уақыты;
- беру орны (шекаралық бақылау пункті);
- берілетін адамның денсаулық жағдайы;

• осы Қосымшаның 5-бабына сәйкес ақпаратты қоса алғанда, реадмиссиялау ықтимал бірге жүру арқылы жүзеге асырылатыны- асырылмайтыны туралы деректерді ұсынады.

2. Осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес хабарлама реадмиссиялау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сұрау салынатын Тарапқа кез келген байланыс құралдарымен, оның ішінде электрондық құралдармен беріледі.

3. Беруге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындау себебі бойынша мерзім ұзартылған жағдайда, Тараптар бір-бірін реадмиссиялауға жататын адамды берудің болжамды орны мен беру күнін көрсете отырып, осындай кедергілердің жойылғаны туралы дереу хабардар етеді.

## **4-бап**

### **Транзиттеу туралы Сұрау салу**

1. Транзиттеу туралы сұрау салу осы Келісімнің 9-бабында келтірілген шарттарға сәйкес осы Келісімге 8-қосымшаға сәйкес бланк жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Сұрау салынатын Тарап транзиттеу туралы сұрау салудың электрондық байланыс құралдарын қоса алғанда, кез келген байланыс құралдарымен келіп түскенін дереу растайды. Сұрау салу телефакс немесе электрондық пошта арқылы жіберілген кезде жөнелту туралы есеп транзиттеу туралы сұрау салуды алғанын растау болып есептеледі .

2. Сұрау салатын Тарап телефакс, электрондық пошта сияқты электрондық құралдарды қоса алғанда, қорғалған коммуникациялық арналарды пайдалана отырып, Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдарын беру күніне және/немесе болжамды беру орнына қатысты өзгерістер туралы жоспарланған транзиттеуге дейін 1 (бір) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге тиіс.

## **5-бап**

### **Бірге жүру арқылы реадмиссиялау және транзиттеу шарттары**

1. Егер реадмиссиялау немесе транзиттеу бірге жүру арқылы жүзеге асырылса, Сұрау салатын Тарап бірге жүретін адамдарға қатысты мынадай ақпаратты: олардың аты-жөнін, паспорттарының нөмірін, берілген күнін және қолданылу мерзімін; рейс нөмірін; келу және кету күні мен уақытын ұсынуға тиіс.

2. Сұрау салатын Тараптың бірге жүретін адамдары реадмиссиялау немесе транзиттеу кезінде олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ олардың реадмиссиялауға немесе транзиттеуге қатысты міндеттерінің құқықтылығы мен сипаты тұрғысынан көрсете алуға тиіс.

### **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық**

**Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

## **2-ҚОСЫМША**

Хабарлама (1-қосымшаның 3.2-бабына сәйкес)

.....  
.....  
.....  
.....

(Сұрау салатын органның атауы) (орны мен күні)

Құжат нөмірі:.....

Ескертпе:

.....  
.....

.....  
.....  
(Сұрау салатын органның атауы)

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының  
Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды  
реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімнің 5-бабының  
3-тармағына сәйкес**

**БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

Адам және реадмиссиялау туралы мәліметтер  
Т.А.Ә. (тегінің астын сызу):

.....  
1. Туған күні:

.....  
2. Рeadмиссиялау тәсілі (әуе немесе жерүсті жолы арқылы):

.....  
3. Күні:

.....  
4. Нақты уақыт:

.....  
5. Беру орны (шекаралық бақылау пункті):

.....  
6. Денсаулық жағдайы:

.....  
7. Рeadмиссиялау бойынша бірге жүретіндер:

ия жоқ,

егер бар болса, онда бірге жүретіндер туралы деректер:

.....  
.....  
8. Межелі пунктте қабылдануы қажет қауіпсіздік шаралары:

.....  
(Сұрау салатын органның қолы) (Мөр/мөртабан)

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының  
Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды**

## **реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

### **3-ҚОСЫМША**

Осы Келісімнің 2-бабының 1-тармағына және 3-бабының 2-тармағына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің азаматтығын растайтын құжаттардың тізімі:

Қазақстан Республикасы үшін:

1. Қазақстан Республикасының ішкі паспорты;
2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
3. Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
4. Қазақстан Республикасының жеке куәлігі;
5. Әскери билет;
6. Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;
7. Қайтаруға арналған куәлік;
8. Баланың туу туралы куәлігі (ата-анасының біреуінің паспортында жаза болған кезде);

Аустрия Республикасы үшін:

1. Аустрия паспортының кез келген типі (ішкі паспорттар, дипломатиялық паспорттар, қызметтік паспорттар, ұжымдық паспорттар және төтенше жағдайдағы паспорттар);

2. Аустрия берген жол жүру құжаты; Жеке куәліктер (уақытша жеке куәліктерді қоса алғанда);

3. Әскери билеттер;

4. Азаматтық туралы куәліктер немесе азаматтық жазылған немесе нақты көрсетілген басқа да ресми құжаттар.

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының**

## **Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды**

## **реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

### **4-ҚОСЫМША**

Осы Келісімнің 2-бабының 1-тармағына және 3-бабының 2-тармағына сәйкес ұсынылуы Тараптар мемлекеттерінің азаматтығына тиесілігінің *prima facie* дәлелдемесі деп есептелетін құжаттардың жалпы тізбесі:

- 3-қосымшада келтірілген құжаттардың көшірмелері;
- қолданылу мерзімі алты (6) ай бұрын өтіп кеткен, 3-қосымшада санамаланған құжаттар;
- әскери билеттер немесе олардың көшірмелері;
- жүргізуші куәлігі немесе олардың көшірмелері;

- туу туралы куәлік немесе олардың көшірмелері;
- қаралып отырған адамның азаматтығын анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін кез келген басқа құжаттар немесе сараптама актілері немесе олардың көшірмелері;
- тиісті тұлғаның өз деректері мен өтініштері;
- саусақ іздері және басқа биометриялық деректер;
  - кез келген ресми тексеру нәтижелерін қоса алғанда, қаралып отырған адам сөйлейтін тіл;
- куәлардың сенімді айғақтары;
  - Сұрау салу бойынша жүргізілуге тиіс, Сұрау салынатын Тараптың қаралып отырған адамды тыңдау нәтижесі.

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының**

### **Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды**

### **реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

#### **5-ҚОСЫМША**

Осы Келісімнің 3-бабының 3-тармағына сәйкес үшінші мемлекеттер азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды реадмиссиялауға қойылатын талаптарды растайтын құжаттардың жалпы тізбесі:

- Келу/кету мөртабаны және тиісті адамның жол жүру құжатындағы ұқсас белгілер, сондай-ақ басқа да (мысалы, фотография) келу/кету дәлелдемелері;
  - Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағында заңды болу үшін Сұрау салынатын Тарап берген қолданыстағы құжаттар, мысалы, виза, тұрақты тұруға рұқсат;
  - Сұрау салынатын Тарапта азаматтығы жоқ адамға берілген жол жүру құжаттары;
  - Осы адамның Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағында болғанын анық көрсететін кез келген түрдегі құжаттар, анықтамалар және шоттар (мысалы, қонақүйде тұрғаны үшін шоттар, дәрігерге/стоматологқа қабылдау талондары, мемлекеттік/жекеменшік мекемелерге кіру билеттері, автокөліктерді жалға алу шарттары немесе кредит картасы бойынша түбіртектер);
  - Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің аумағында тиісті адамның болғанын және маршрутын көрсететін, мысалы, авиаұшу, пойызбен, автобуспен немесе кемемен жол жүру үшін аты-жөні көрсетілген билеттер және/немесе жолаушылар тізімдері;
    - Сөз болып отырған адам курьерлік қызметке немесе туристік агенттікке жүгінгенін көрсететін деректер;
    - Тиісті адамның Мемлекеттік шекарадан өткені туралы куәландыра алатын шекара қызметі қызметкерлерінің немесе басқа куәгерлердің ресми мәлімдемелері;
      - Қаралып отырған адамның сот немесе әкімшілік іс жүргізудегі ресми мәлімдемелері;

- Визалық ақпараттық жүйеде іздеу нәтижесінде жеке басын растау<sup>1</sup>.

<sup>1</sup>Мүше мемлекеттер арасындағы визалық ақпараттық жүйе (ВАЖ) және қысқа мерзімді визалар туралы деректер алмасу туралы № 767/2008 (ЕО) регламент (ВАЖ регламенті) ОJ Xs L 218, 13.08.2008 ж., 60 б., 2226/2017, ОJ Xs L 327 (ЕО) Регламентпен енгізілген соңғы өзгерістермен, 09.12.2017 ж., 20 б.

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының**

### **Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды**

#### **реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

### **6-ҚОСЫМША**

Осы Келісімнің 3-бабының 4-тармағына сәйкес үшінші мемлекеттер азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың реадмиссиялау үшін *prima facie* дәлелдемесі деп есептелетін құжаттардың жалпы тізімі:

- Куәлардың сенімді айғақтары;
- 5-қосымшада көрсетілген құжаттардың көшірмелері;
- Қаралып отырған адам Сұрау салатын Тарап мемлекетінің аумағына келгеннен кейін ұстап алынған орын немесе ұстап алу мән- жайлары туралы Сұрау салатын Тарап мәлімдеген өтініштер;
- Тараптардың өзара келісуі бойынша басқа да құжаттар немесе мәліметтер;
- Қаралып отырған адамның өтініштері;
- Қаралып отырған адамның жеке басы мен тұрған жері туралы халықаралық ұйым ұсынған ақпарат.

## **■Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының**

### **Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды**

#### **реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

### **7-ҚОСЫМША**

.....  
..... : .....

.....  
.....  
.....  
(Сұрау салатын органның атауы) (Орны мен күні)  
Құжат нөмірі: .....  
Кімге  
.....

.....  
.....  
.....

(Сұрау салынатын органның атауы)

**Әңгімелесу туралы өтінішхат (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімнің 2-бабының 5-тармағы)**

**РЕАДМИССИЯЛАУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз болған адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімнің 4-бабына сәйкес

**А. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР**

1. Т.А.Ә. (Тегінің астын сызу):

.....

2. Туған кезде берілген тегі:

..... Фото

3. Туған күні және жері:

4. Жынысы және жеке басының сипаттамасы (бойы, көзінің түсі, ерекше белгілері және т.б.):

5. Бүркеншік аты (адам пайдаланатын/ ол танымал болған бұрынғы тегі, басқа да тегі):

6. Азаматтығы және тілі:

7. Отбасы жағдайы:  үйленген (тұрмыста)  бойдақ (тұрмыс құрмаған)  ажырасқан

тұл ер адам/ жесір әйел

Егер үйленген (тұрмыста) болса, жұбайының (зайыбының) аты:

.....

Егер бар болса, балаларының аты мен жасы

.....

.....

.....

.....

.....

.....

8. Соңғы тұрған мекенжайы:

.....

**В. ЖҰБАЙЫ (ЗАЙЫБЫ) ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР (ЕГЕР ҚОЛДАНЫЛСА)**

1. Т.А.Ә. (Тегінің астын сызу):

.....

2. Туған кезде берілген тегі:

.....

3. Туған күні және жері:

.....

4. Жынысы және жеке басының сипаттамасы (бойы, көзінің түсі, айрықша белгілері және т.б.):

.....

5. Бүркеншік аты (адам пайдаланатын/ол танымал болған бұрынғы тегі, басқа да тегі):

.....

6. Азаматтығы және тілі:

**С. БАЛАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР (ЕГЕР ҚОЛДАНЫЛСА)**

1. Т.А.Ә. (Тегінің астын сызу):

.....

2. Туған күні және жері:

.....

3. Жынысы және жеке басының сипаттамасы (бойы, көзінің түсі, айрықша белгілері және т.б.):

.....

4. Азаматтығы және тілі:

.....

**D. БЕРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕ МӘН-ЖАЙЛАР**

1. Денсаулық жағдайы

(мысалы, ерекше медициналық көмек қажеттілігін көрсету; жұқпалы аурудың латынша белгіленуі);

.....

2. Аса қауіпті адам екенін көрсету

(мысалы, ауыр қылмыс жасады деген күдік; агрессивті мінез-құлық):

.....

**E. ҚОСА БЕРІЛГЕН РАСТАУЛАР**

1.....

(Шетелдік паспорт №)

.....

(Берген орган)

2.

.....

(Жеке куәлік №)

.....

(Берілген күні мен жері)

.....  
(Берген орган)

.....  
(Қолданылу мерзімінің аяқталуы)

3.

.....  
(Берілген күні мен жері)

.....  
(Жүргізуші куәлігінің №)

.....  
(Қолданылу мерзімінің аяқталуы)

.....  
(Берген орган)

4.

.....  
(Басқа да ресми құжат №)

.....  
(Берген орган)

### **Ғ. ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ 2-БАБЫНЫҢ 5-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ӘНГІМЕЛЕСУ ӨТКІЗУ**

- Келісімге 3 немесе 4-қосымшаларда көрсетілген құжаттардың ешқайсысы қоса берілмегендіктен, оның азаматтығын анықтау үшін әңгімелесу өткізу туралы өтінішхат беріледі.

- Қоса беріліп отырған құжаттардың дұрыстығына күмән болған жағдайда азаматтықты анықтау үшін әңгімелесу өткізу туралы өтінішхат беріледі.

#### **Г. ЕСКЕРТПЕ**

.....  
.....  
.....

(Қолы) (Мөр/мөртабан)

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының**

**Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды**

**реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімге**

#### **8-ҚОСЫМША**

.....  
..... : .....

.....  
.....  
(Сұрау салатын органның атауы) (Орны мен күні)

Құжат нөмірі: .....

Кімге

.....  
.....  
.....

.....  
(Сұрау салынатын органның атауы)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз болған адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімнің 8-бабына сәйкес

## **ТРАНЗИТТЕУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ**

**А. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР**      Фото

1. Т.А.Ә. (Тегінің астын сызу):  
.....

2. Туған кезде берілген тегі:  
.....  
.....

3. Туған күні мен жері:  
.....  
.....

4. Жынысы және жеке басының сипаттамасы (бойы, көзінің түсі, ерекше белгілері және т.б.):  
.....

5. Бүркеншік аты (адам пайдаланатын/ол танымал болған бұрынғы тегі, басқа да тегі):  
.....

6. Азаматтығы және тілі:  
.....

7. Жол жүру құжатының түрі мен нөмірі:  
.....

## **В. БЕРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕ МӨН-ЖАЙЛАР**

1. Денсаулық жағдайы

(мысалы, ерекше медициналық көмек қажеттілігін көрсету; жұқпалы аурудың латынша белгіленуі):  
.....

2. Аса қауіпті адам екенін көрсету

(мысалы, ауыр қылмыс жасады деген күдік; агрессивті мінез-құлық):  
.....

## **С. ТРАНЗИТТЕУ**

1. Транзиттеу түрі:

Әуе көлігі арқылы

Жерүсті немесе теңіз көлігі арқылы

2. Межелі ел:

.....  
3. Қажет болған жағдайда басқа да транзит мемлекеттері:

.....  
4, Ықтимал шекаралық бақылау пункті, беру күні мен уақыты және бірге жүретін кез келген адам:

.....  
.....  
.....  
5. Кез келген басқа транзит мемлекетінде және межелі мемлекетте қабылдауға кепілдік беріледі ме? (8-баптың 2-тармағы)

иә жоқ

6. Транзиттеуден бас тарту себептері белгілі ме? (8-баптың 3-тармағы)

иә жоқ

7. ТРАНЗИТТЕУ АДАММЕН БІРГЕ ЖҮРУІ НЕМЕСЕ БІРГЕ ЖҮРМЕЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛА МА?

бірге жүріп жүзеге асырылады\*  
сопровождением leitet\*

бірге жүрмей жүзеге асырылады

\*ЕГЕР ТРАНЗИТТЕУ АДАММЕН БІРГЕ ЖҮРУІ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛСА  
, ТАРМАҚТЫҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІНДЕ БІРГЕ ЖҮРЕТІНДЕРДІҢ АТЫН КӨРСЕТУ

D. ЕСКЕРТПЕЛЕР

.....  
.....  
.....  
.....  
(Қолы) (Мөр/мөртабан)